

## КҮЛӘШТІҢ «КІШКЕНТАЙЫ» ЕДІМ



Күләш – халқымыздың маңдайына біткен бағы еді. Ол қазақ топырағында тұңғыш рет профессионалды әнші және актриса атанды. Өзінің күміс көмей әншілігімен күллі әлемге танылды. Ол тек әнші, халық бұлбұлы ғана емес, ұлы актриса да болатын.

Мен қазақтың дарқан даласы дүниеге келтірген ұлы дарын иесімен тұңғыш рет 1941 жылы Москвадағы консерваторияны тамамдап, Абай атындағы опера және балет театрының табалдырығын аттаған кезде танысқан едім. Мен өзімді бағым бар жан екенмін деп ойлаймын: бірден Күләштің көзіне түсіп, көңіл бөлгеніне әлі күнге дейін төбем көкке жетеді.

Күләш ақылды, талантты, өте мәдениетті кісі еді. Білімге де, мінезге де бай болатын. Жан баласына жекіріп не бір ашуланғанын көрген емеспіз ол кісінің. Ел

оны есімімен емес, еркелетіп «Күлеке» дейтін. Оның әрбір концерті – мереке, әрбір сапары сән-салтанат болатын.

Оған деген ішкі бір іңкәр ілтипатымнан іркіліп сөйлей де алмаушы едім. Мен алғаш рет Күләшпен бір партияда «Қыз Жібек» операсында Жібектің рөлін ойнадым. Сондағы қуанғаным соншалық – бүкіл денем дірілдеп, «Күләшті алмастыра алармын ба?» деген күдік пен қорқыныш билеп алғанды бойымды. Сахнаға шыққанда да асып-сасып, даусым да дірілдеп шықпай қалған болуы керек.

Ертеңіне ол кісі мені шақырып алып: «Ән айтқанда даусың бар да, қара сөзге келгенде даусың тым төмен. Сондықтан сен өзінді әрқашан залдың ең соңындағы құлағының мүкісі бар қарт кісіге сөйлеп отырмын деп сендір де, демінді бөліп, еркін сөйле! Актер адам өзін сахнада суда жүзген балықтай сезінуі керек», – деген еді. Мен аға жетекшімнің әрбір ескертпесін екіншілей қайталамауға тырысып, есіл-дертіммен жұмысқа берілетін едім. Ол кісі шынында да ешкімге ұқсамайтын ерекше дарын иесі еді ғой! Оның әрбір рөлі бір-біріне ұқсамайтын, өзінше өрнегі бар дүниелер еді.

Тіпті ол кісі даярлық кезінде басқаша ойнайтын да, сахнада тым соны көріністер көрсететін. Кейде өзіміз де сахнада танымай қалатын Күләштің осынау бір ерекшелігіне қызыға: «Неге сіз музыка ырғағына қарай қимыл жасамайсыз?» – деп сұрағанымызда, «Мен сахнада өзімді мүлдем ұмытып кетемін де, тек жүрегімнің әмірімен әрекет етемін», – деп жауап беретін еді.

Содан соң бір айта кетер жай – Күлекеңнің адамгершілік қасиеті, бауырмалдығы, қарапайымдылығы еді. 1943 жылы Ташкентте өткен онкүндікте Рахима Мұсабекова екеуміздің сахнаға киер көйлек таппай қатты қысылғанымыз бар. Ол кез қарын тоқ, көйлек көк емес, соғыс кезі ғой. Көпшілік алдына киер бір көйлектің табылмағанына қорланғанбыз.

Күләштай артық қамқоршының жоқтығына көзіміз жете, сол кісіге барғанбыз. Күләш бізге өзінің бір үлбіреген қара крепдешин көйлегін берді. Рахима екеуміз сол көйлекті үзіліс сайын ауыстырып, халық алдына шығып ән айтқан едік.

Иә, Күләштің мінезі тым мәрт еді ғой! Тіпті кей кездері «көңіл күйім болмай отыр» деген сылтаумен әдейі бізді, жастарды сахнаға шығарып, біздің әрбір сәтті қадамымызға қосыла қуанып отыратын еді. Және бір халық қадірлейтін қасиеті – өз ұлтын, елін сүйетіндігі, ата дәстүр-салтын, тілін, өнерін қатты құрметтейтіндігі еді. Күлекең алғаш рет өзі соңына түсіп жүріп, аудармашыларға аудартып, Мәдениет министрлігінен рұқсат алып, қазақ сахнасында Пушкиннің «Татьяна әнін», Пуччинидің «Чио-Чио-санын», «Даисида» Мароны қазақша сөйлетіп, оларға қазақ халқының табиғатын, қасиетін қондыра білді.

Ол кісінің әр сөзі – ұлы классиктерді туған елімнің төл туындысындай етіп, халық санасына сіңімді тілмен сөйлетсем дегенге саятын еді.

Мен кіші де кеңпейіл Күләштің өмір бойы істес серігі болып жүріп, кісімсінгенін, атақ-даңқ буына мастанған жат мінезін көрген емеспін. Жас, кіші деп талғамай, қайда шақырсаң да келе беретін еді. Өзі де қонақжай еді, үйінен де, жұмыс кабинетінен де халық арылмайтын. Ол кісінің қарапайымдылық қасиетін ашар бір ғана жайды баян етсем деймін. Біз соғыстың соңын ала Кәукен екеуміз көңіл жарастырып, отау құрған едік. Ауыр кезең болды да, үй болмай, гримденетін жұмыс кабинетінде тұрдық. Сол бөлмеде біздің тұңғышымыз Ғайни дүниеге келген. «Кішкентайым-ау, өзіңнің бүйрегінді келіп жеп кетпейсің бе?!» – деп жүретін Күлекең сонда өзі келіп, бір сандыққа салып, жас сәбиге керекті бірсыпыра киім сыйлады. Бұрындары шақырғанда ол кісілердің шаңырағына ұяла-ұяла әрең баратын біз мына базарлыққа емес, тап-тар жұмыс орнына «Кішкентайдың баспанасы» деп үлкен басын кішірейте келгеніне жүрегіміз жарыла қуанып қалғанымыз бар. Бірақ Күлекеңнің қарапайымдылығы соншалық – қайда барса да өзін сол үйдің бір мүшесіндей сезінетін еді. Біз де соған қарай өзімізді еркін сезіне бастаушы едік.

Көңіл шіркінді қойсаңызшы, кейде бір балалар: «Күләшпен бірге ойнапсыз ғой!» десе, көңілім көкке көтеріліп қалатыны бар. Мен өзімді Күләштің «кішкентайы» атанғанымды бақыт санаймын. Ұлы актрисаның өзіме үлгі алған барлық қасиеті үшін оның алдында борыштымын. Иә, мен Күләштің «кішкентайы» болғандығым үшін бақыттымын!